

2022 жыл ел тарихында қалатын елеулі оқиғалармен бас-талғаны баршамызға белгілі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2022 жылдың 10 қаңтарында Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзінде «Қаңтардың бірнеше күні ішінде Қазақстан ауқымды дағдарысты бастан өткерді. Бұл – Тәуелсіздіктің 30 жылдық тарихында болған ең ауыр оқиға» деп атап өтті.

Жаңа дәуір жатырқамасын десек...



«Қасіретті қаңтар» оқиғасынан сабақ алу әрбір қазақстандық-тың міндеті. Әсіресе, Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген ұрпақ осы жағдайдан кейін-шын мәнінде тәуелсіздіктің бәрі-нен қымбат екенін түсінді деп ой-лаймыз. Қаңтар дүрбелені бейбіт өмірге кез келген сәтте қауіп төнуі мүмкін екенін көрсетті. Сондықтан да еліміздің әрбір азаматы, әсіре-се, жастар өз Отанының патриоты болып, қызметін адал атқарып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосып, тәуелсіз еліміздің өркендеп өсуі жолында аянбай еңбек етулері тиіс. Ал, мемлекет тарапынан тұ-тастай елдің тұрақты дамуын жан-жақты қамтамасыз етуге барлық жағдай жасалуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев үстіміздегі жылдың 11 қаңтарын-да Қазақстан Республикасы Пар-ламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде жаңа Үкіметке бірқатар нақты тапсырмалар берді. Құқық қорғау жүйесін реформалау-ға шұғыл түзетулер енгізу қажеттігін мәлімдеді, сонымен қатар Қарулы күштер, құқық қорғау органдары, Ұлттық қауіпсіздік қызметі, Сыртқы барлау қызметі жұмысын жүйелеп, оларға жағдай жасау үшін жалақы-ларын көтеруді тапсырды.

Мемлекет басшысы алдағы уа-қытта халықтың әл-ауқатын жақ-сарту мәселесіне көбірек көңіл бөлу қажеттігін, халықтың барлық тобының табыстары экономика өскен сайын өсуі керек екенін атап өтті. Сондай-ақ, Үкіметке қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтама-сыз етуді, алдағы уақытта инфля-ция деңгейін 3-4%-ға дейін төмен-дету қажеттігін тапсырды. Өйткені, соңғы жылдары елімізде азық-түлік өнімдерінің және халық көп тұты-натын басқа да тауарлар бағасы-ның күрт өсіп кеткендігі белгілі.

Мұнан бөлек, Мемлекет бас-шысы «Қазақстан халқына» деп

аталатын қоғамдық қор құруды тап-сырды. Бұл қор денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау са-лаларындағы нақты проблемалар-ды шешумен айналысады. Қорды қаржыландыру мемлекеттік және жеке көздер есебінен жүзеге асы-рылатын болады.

Сонымен қатар Мемлекет бас-шысы сапалы білімге қолжетім-ділікті қамтамасыз ету қажеттігін айтты. Сондықтан мұғалімдер жетіспейтін өңірлер үшін тиісті қолдау шаралары кешені мен үздік мұға-лімдерді тарту бойынша арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырды.

Президент жоғары білімнің қол-жетімділігі мен университеттердің бәсекеге қабілеттілігі мәселесін шешуді, халық тығыз орналасқан өңірлердің жастарына мақсатты гранттар бөлуге ерекше назар ау-дару қажеттілігін тапсырды, соны-мен қатар жоғары білім беру сала-сында техникалық мамандықтарға басымдық беру керектігін, өнеркә-сіптік инженерлердің жаңа буынын өсіру қажеттігін көтерді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына «Енді Қазақ-станда дамудың жаңа кезеңі бас-талады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!» деп үндеу арнады.

Жаңа Үкіметке жүктелген нақты міндеттердің орындалуы Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартып, еліміздің экономикасын дамытуға серпіліс жасайды деп сенеміз.

**Ғ. ПАЗИЛОВ,
Н. КАЛЬБАЕВА,**

**М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті,
«Қаржы» кафедрасының аға
оқытушылары.**